

Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында автомобиль құрастыру өндірісін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 9 қараша N 1684

Тікелей инвестицияларды тарту, отандық өндірісті қолдау және жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің Өскемен қаласында автомобиль құрастыру өндірісін құру туралы бастамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі

заңнамада белгіленген тәртіппен "БИПЭК АВТО" ЖШС-мен келісім-шарт жасасу мүмкіндігін қарасын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі жоғарыда көрсетілген келісім-шарт жасалған жағдайда тікелей инвестицияларға мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде тиісті шараларды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.